



Құрметті зеренділіктер! Қадірменді жерлестер!

Міне, 2025 жыл тарих қойнауына кетуде! Өтпелі жыл бізге көптеген оң өзгерістер әкелді, аудан тұрғындарының әл-ауқатын көтеру, өмір сүру жайлылығын жақсарту мақсатында аса ауқымды жұмыстар атқарылды. Біз жолдар салып, жөндедік, он екі елді мекенге жаңа су құбырларын орнаттық, ойын және спорт алаңдарын салу арқылы балаларға қамқорлық жасадық, бірнеше мектептерді жөндеуден өткіздік.

Биыл Зерендіде Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық орталығы мен заманауи спорт мектебі ашылғанын білесіздер. Аудан орталығы мен ауылдық елді мекендердің келбеті жақсара түсуде.

Біз бірлесе су тасқыны кезеңін сәтті еңсердік, дәнді, басқа да дақылдарды өсіріп, мол өнім жинадық, тұрғын үйлер салдық, жаңа кәсіпорындар аштық, шағын және орта бизнесті дамыттық.

Ал бүгінде, өткен жылдың соңғы күндерінде, өмірдің барлық салаларында бірлескен күш-жігерімізбен қол жеткізілген нәтижелер туралы мақтанышпен айта аламыз!

Зеренді ауданы кезекті рет өзін жетекші, табысты, тұрақты дамып келе жатқан аймақ ретінде танытып, айтулы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне қол жеткізді. Осы айтулы нәтижеде әрқайсымыздың жеке үлестерінің барлығы сөзсіз!

Құрметті отандастар, сіздердің жауапкершілікті еңбектеріңіз, игі істеріңіз бен бастамаларыңыз, елімізге деген сүйіспеншіліктеріңіз және оны алдағы кезеңде өркендетіп, дамыту жолындағы ұмтылыстарыңыз үшін шынайы жүректен алғыс сезімімді білдіремін!

Ардақты жерлестер, Жаңа жыл құтты болсын! Әрбір отбасы мен әрбір тұрғынға бақыт, бейбітшілік, молшылық тілеймін! Келе жатқан 2026 жыл баршаңызға сәттілік пен табыс әкелсін!

Әсет ҚҰРМАНҒОЖИН,
Зеренді ауданының әкімі.

Құрметті зеренділіктер!

Сіздерді келе жатқан 2026 жылмен шын жүректен құттықтаймын!

Жаңа жыл баршаңызға тек жақсылығын әкелсін! Өтпелі жылғы әрқайсымыз өзімізше баға беріп, болашақта бізді не күтіп тұрғанын ойлайтындығымыз өмірдің ажырамас шындығы. Жаңа жыл - көңілге қуаныш, жүрекке шаттық сыйлайтын ерекше мереке. Бұл - жаңа үміт, жаңа жоспарлардың уақыты. Жаңа жылды қарсы алғанда жүрегімізде жаңа үміт сезімі, болашаққа деген сенімнің пайда болары ақиқат.

Қадірменді жерлестер! Сіздерге Жаңа жылда бейбіт тыныс-тіршілік пен келісім, мол бақыт және көтеріңкі көңіл күй тілеймін. Келетін жылда жоспарларыңыз бен ойлаған ойларыңыздың жүзеге асатынына, 2026 жыл жаңа белестерді бағындыратын, жаңа табыстардың жылы болатынына сенімдімін.

Жаңа жылда шаңырақтарыңызда ырыс-береке, отанымыз Қазақстан Республикасында бейбітшілік пен өзара түсіністік сақталсын! Жаңа жылдарыңыз құтты болсын!

Зеренді аудандық мәслихатының төрағасы
Райхан ҒАБДУЛЛИНА.

КӨҢІЛДІ МЕРЕКЕЛІК ШАРА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

«Парус» балаларды сауықтыру орталығында ауданның әр округтерінен шақырылған ерекше балалардың қатысуымен қуанышты сәттерге толы, ертегілік және аздап болса да сиқырлы мереке ұйымдастырылды.

Мерекелік шыршаға арнайы шақырылған отыз өскелең ұрпақ өкілдеріне зеренділік еріктілер (волонтерлер) – «Leader.KZ» қоғамдық ұйымының өкілдері көңілді сахналық қойылым ұсынды. Ұйым басшысы Ксения Балмағамбетова мен мүшелері ертегілік кейіпкерлер Мыстан кемпірдің, өтпелі жылдың белгісі Жыланның, көңілді сайқымазақ Ирисканың және бізге асығу үстіндегі Жылқының бейнелерін шеберлікпен сомдап қонақтарға көтеріңкі көңіл-күй сыйласа, Аяз ата мен Ақшақардың келіп мерекенің сәнін аша түскендері, балалардың жүздерінен айқын сезіліп тұрды.

Қатысушыларды Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Эльмира Боқанова, аудан әкімінің мүдедектері ісі бойынша кеңесшісі Гүлнәр Әлмағамбетова құттықтады. Әрбір бала Зеренді ауданының әкімі Әсет Құрманғожин мен демеушілерден жаңа жылдық тәттілер мен сыйлықтар алды. Бағдарламаның жалғасында жас меймандар мерекелік дастарханға жайғасып, «Парус» балаларды сауықтыру орталығының қызметкерлері мен қонақжай иелері



Арман Сұлтанова, Әсел Абайдоллаева әзірлеген сүйікті пиццаларынан, басқа да тәттілерден дәм татты.

Осы мереке алдында аталған «Парус» балаларды сауықтыру орталығында әлеуметтік осал топтар санатындағы балалар үшін Жаңа жылдық мереке – аудан әкімінің шыршасы өтті. Әсет Асылбекұлы әр қатысушыны жекеше құттықтап, оқуда үздік көрсеткіштер, шығармашылық табыстар, спортта жетістіктер тілеп, сыйлықтар табыс етті. Аудандық мәслихаттың депутаттары да Жаңа жыл қарсаңындағы күндері балаларды назарларынан тыс қалдырмады.

Жаңа жылдық мерекелер жалғасын тауып, Зеренді ауданының бірде-бір жас тұрғыны жүздеріне қуанышты күлкі сыйлайтын сыйлықсыз қалмайтыны сөзсіз...

Өз тілшімізден.



Жақсылық жасау игі іс

Әр жүректе мейірімділік орнасын

Зеренділіктер, шетелде емделуге мұқтаж баланы қолдау мақсатында өткізілген «Ашық жүрек» қайырымдылық аукционына белсенділікпен қатысты.

Іс-шара күні Зеренді ауданының тұрғындары мен еңбек ұжымдарының өкілдері аудандық мәдениет үйінде жиналды, олар Салкен Бекжановтың сүйек кемігін трансплантациялаудан өтіп, денсаулығын, бейқам балалық шағының қуанышы мен бақытын қалпына келтіруге көмектесетін Стамбулға баруына көмектесу ниетімен біріккен болатын.

Тұрғындар ерікті түрде

өздерінің, отбасыларының мүмкіндіктерінше бөлген қаражаттарын және қолдарынан келгенше ақшалай көмектерін дәліздің ортасындағы арнайы жәшікке салып, жас жеткіншектің тезірек сауығып кетуін тілеп, қайырымдылық мейірімділік және жүрек жылуы сынды қасиеттер отандастарымыздың ажырамас ерекшеліктері екенін кезекті рет дәлелдеді. «Әрбір теңге, әр адамның қатысуы өте маңызды; бұл өмірді сақтап қалуға қосқан нақты үлес», - деді аукцион жүргізушілері, алдағы қайырымдылық шарасын жариялау барысын.

Балалар мен жасөспірімдер

шығармашылығы орталығының оқушылары мен тәлімгерлерінің жұмыстары сатылымға шығарылды. Өнер туындыларының қатарында картиналар, ағаштан, киізден, папье-машеден және басқа да материалдардан жасалған қолөнер бұйымдары болды, түскен қаражат медициналық емделуге жұмсалмақшы.

Аукционға барлығы 23 лот қойылды, бастапқы бағасы 5000 теңгеден 10 000 теңгеге дейін ауытқып отырды. Ең жоғары баға ұсынған адам бұйымның иегері атанды. Бірқатар туындылардың бағасы 50 000-нан 80 000 теңгеге

жетті. Қатысушылар жомарт баға ұсынғандарға жылы шырай танытып, қол шапалақтап, баланың өміне мүмкіндігінше көп қаражат жиналатынына қуаныштарын білдіріп жатты...

Қайырымдылық шарасына белсенділер қатарында ауданның білім беру, мәдениет мекемелерінің қызметкерлері және мемлекеттік қызметкерлер болды. Түскен қаражат Салкеннің туысына, тезірек сауығып кету тілегімен берілді. Зеренді ауданы тұрғындарының қолдауы мен шынайы ниеттері жерлесіміздің ауруды жеңуіне көмектеседі деген сенімдіміз.

Өз тілшімізден.

Жаңа жылдық дастархан: ең қолайлы өнімдер аталды

Дәрігер-гастроэнтеролог Светлана Мингазова Жаңа жылдық дастарханға ең қолайлы өнімдерді атады, - деп хабарлайды Massaget.kz тілшісі UfaTime.ru-ға сілтеме жасап.

Мингазова Жаңа жылда жеңіл тіскебасардан бастауға кеңес берді: жаңа піскен көкөністер, пеште пісірілген ет, хумус, авокадо жағылған тұтас дөңді нан, сондай-ақ күркетауықтан немесе көкөністен жасалған шағын кәнапелер.

«Сонымен қатар «көк шөптерге, қызанаққа, қиярға, шпинатқа, теңіз өнімдеріне және авокадоға негізделген салаттар жақсы сіңеді», - деп қосты гастроэнтеролог.

Дәрігердің айтуынша, майонез қосылған, ащы немесе қышқыл тұздықпен дайындалған салаттарды, сондай-ақ шикі қырыққабат немесе қабығы қалың көкөністер сияқты ірі жасуныққа бай тағамдарды дастарханның басында тұтыну дұрыс емес.

Бұдан бөлек, ол Жаңа жылда ысталған өнімдерді, шомырды, шалғамды, сарымсақ пен пиязды жеуге кеңес бермеді. Ауыр ет пен майлы балықтың орнына тауықтың төс еті, күркетауық, бұзау еті немесе майы аз балықты таңдаған дұрыс деді.

«Әзірлеудің ең қолайлы тәсілдері: пеште пісіру, бұқтыру, гриль, бұға пісіру. Ал гарнир ретінде қарақұмық, қоңыр күріш, булгур, пеште пісірілген көкөністер жарайды», - деп атап өтті Мингазова.



ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«LB Minerals Kazakhstan» ЖШС Ақмола облысының Зеренді ауданында орналасқан №1,2,3,4 Елтай кен орны бастапқы каолиндерін өндіруге арналған тау-кен жұмыстарының жоспарына атмосфераға ластанушы заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің, қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламаның, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы жобасының және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 29 қаңтарда сағат 15:00-де Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Сәкен Сейфуллин а.о., Сейфуллин а., орта мектеп мекенжайы бойынша өтеді.

Сондай-ақ, қоғамдық тыңдаулар Zoom платформа-сында онлайн режимінде өткізіледі.

Қатысу үшін келесі сілтемеге көшуді сұраймыз: <https://us06web.zoom.us/j/86186139458?pwd=yG23exIKavgSGFS6lQUl4UFbXlIkxP.1>

Конференция идентификаторы: 861 8613 9458. Кіру коды: 268612

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Көкшетау» МҰТП РММ мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің инфрақұрылымын дамытудың бас жоспарын түзету» жобаның материалдары бойынша қоғамдық тыңдаулар арқылы қоғамдық тыңдауларды өткізетіні туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттамаға Тапсырыс беруші: ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Көкшетау» МҰТП РММ, тел.8 (7162) 26-95-50.

«Көкшетау» МҰТП инфрақұрылымын дамытудың бас жоспарын түзету» жобаның әзірлеушісі - «Теміртау қаласының сәулет-қала құрылысы орталығы» ӨК

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 8 қаңтардан бастап 20 жұмыс күні ішінде өтеді.

Материалдар сайтқа орналастырылады: <https://ecportal.kz/> жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстар осы сайтта қабылданады.

СКАНВОРД

Ұлт	Сиық	Қызыл түсті тас	Таллин халқы	Әлім-жанов	3,14	Сібір орманы	Грам-матикалық белгі	Саз	Қатыгез	Ақша	Шемішке
		Мода		Тобыл саласы	Ұрпақ			Келер күн	Бұлыңғыр		
	Кіші жүз батыры	Ішік	Жетіқарақшы		... пуха, ... пера Араб әрпі	Бұрынғы Шевченко	Ас			Ұшақ маркасы	Балық "үйі"
				Иран				Рен	Үнді қызы		
	Қызыл балық	Жұт				Халық	Кішкентай қауын				
		Үсенбаева	Робинзонның досы	Әншінің әндер жинағы	Каратәшені	Науа		Мумдың егесі	Тағам түрі	Елеуіш	Топ
... елдің жайлауы	Тез	Шат.....			Пари	Ш.Қ.О қала	Алма	Гектор елі			Қас
		Мәз	Құрылыс заты Сөз... құлақ	Жаман иттің... Бәрібасар қояр	... міне Қырғыз әні		...Мон Тұсқағаз	Шен	Өлшем бірлігі	Қия	
	Бет	Шағын								Құрай	
		...Сүлейменов	Пайда			Лиза Зар		Түйе жүнінен жасалған киім		Асу	
	Он үш жас	Шешен				Демеу		... Гуссо			
			Трос		Королла			Құт	Араб елі	Ақшам	Тор
	Картина жиегі	Бастаңғы			Жан...Ван Дамм	Жұмақтағы жайылым бақ	Сау	Жойқын қару			Киелі ас
			Жүз басы	Тамыр	Марқасқа топ		Қарагөздің ғашығы			Қаратпа сөз	
Дәм	Жота	Баяғыда	Рәсім			Тағам түрі		Жолбарыс туысы		Қатпар	
			Ата...	Бөлім		Сеп		Сурет	Ұзынтаяқ		Үздік
	Қауын түрі	Тамақ ауруы				Өлім	Қазақ өзені	Көне Дамаск	Шашы жоқ	Телеарна	Дана
					Сұлба		Мылтық			Неміс партиясы	Арал теңізінің өнімі
	АҚШ штаты	Құрылыс құралы				Елорда			... Османалы		
					Балық		Жалығу		Сүйек ойыны		

Өткен сандағы сканвордтың жауаптары

Тігінен: Қабырға. Таразы. Навои. Сикокү. Есе. Так. Димаш. Топ. Аламанда. Наса. Орай. Тахауи. Мимино. Мияу. Храм. На. Ила. Скрипка. Апиын. Лас. Отыз. Буаз. Кекілік. Усасыр. Пуна. Сиыну. Алақ. Амал. Аса. Дуа.

Көлденеңінен: Тұтыныс. Ерту. Бадыров. Клетка. ОМО. Рим. Кнопка. Атым. Муар. Арша. 10. Сахна. Химия. Айран. Сомали. Уа. Уану. Пломба. Рики. Фиат. Ысырап. 20. Пикассо. Аида. Айласы. Ғаламда. Ынта. Асау. Ескіру. Шақалақ.